

**2019 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл бойынша іс-шаралар жоспарын орындау жөніндегі
бойынша есеп**

«Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығы» РМҚК директорының м.а. М. Қасқырбаев бекіткен, 2019 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі – Жоспар) орындау жөніндегі бойынша есепті ұсынамыз.

1-тармақ.

Орталықта 2019 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілді. Жоспар «Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығы» РМҚК сайтында орналастырылған.

2-тармақ.

Мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің өткізілуінің ашықтығын арттыру мақсатында, Орталықтың интернет-ресурсында «Мемлекеттік сатып алу» арнайы бөлімі жұмыс жасайды.

3-тармақ.

Орталықтың интернет-ресурсында 2019 жылға арналған мемлекеттік сатып алу жоспары орналастырылған.

4-тармақ.

Орталықтың интернет-ресурсында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша арнайы бөлім жұмыс жасайды, онда сыбайлас жемқорлыққа қарсы өткізілген іс-шаралар бойынша барлық ақпарат орналастырылады.

5-тармақ.

Ресми интернет-ресурста бекітілген азаматтарды қабылдау кестесі орналастырылған. 2019 жылдың қорытындысы бойынша өтініштер түскен жоқ.

6-тармақ.

Орталық директоры мен орынбасарлары 2018 жылға белгіленген мерзімде кірістер, шығыстар, мүлік және мүліктік сипаттағы міндеттемелер туралы мәліметтер (декларациялар) ұсынды.

7-тармақ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша ақпараттың түсуіне қарай жауапты тұлғалар орталық қызметкерлерін таныстырады. (2019 жылғы 16 қаңтардағы № 14-11/24-АТТА хаты, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің 2019 жылғы 22 қаңтардағы № 15 "2019-2020 жылдарға арналған дене шынықтыру және спорт саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы баптарды жариялау кестесін бекіту туралы" бұйрығы).

8-тармақ.

Орталық 2019 жылғы қорытындылары бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг өткізді және ол бойынша ақпаратты Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитетіне (бұдан әрі – Комитет) жолдады (Анықтама қоса берілген).

9-тармақ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін, кәсіпорын қызметінде Орталық директорының 2019 жылғы 9 желтоқсандағы № 62 н/к бұйрығымен жұмыс тобы құрылды. 2019 жыл қорытындылары бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді және анықтама Комитетке жолданды (Анықтама қоса берілген).

10-тармақ.

Орталықтың интернет-ресурсында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері жарияланды.

11-тармақ.

Орталықтың интернет-ресурсында 2019 жылға арналған, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша қабылданған шаралар туралы ақпарат жарияланған.

12-тармақ.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті бекіткен 2019-2020 жылдарға арналған мақалаларды жариялау кестесіне сәйкес, дене шынықтыру және спорт саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы "спорт саласындағы сыбайлас жемқорлық туралы" мақала "Спорт" газетінде 2019 жылғы 30 шілдедегі № 27 (5222) жарияланды.

14-тармақ.

Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің келісімімен 2019 жылы орталық мамандары 2019 жылы 11 шілдеде " Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру "тақырыбында семинар-кеңес жұмысына қатысты.

15-тармақ.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңы, «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашадағы № 401-V ҚРЗ Заңы және «Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарын ақпараттық толықтыру қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 116 бұйрығының талаптарына сәйкестік бойынша ақпаратты жауапты қызметкер Орталықтың веб-сайтында тұрақты негізде орналастырып тұрады.

16-тармақ.

Орталықта басқарушылық функцияларды орындауға байланысты лауазымға үміткер тұлғаларды бақылау жүзеге асырылды. 2019 жылы бөлім басшылары мен аға жаттықтырушылары сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің жоқтығы туралы анықтамалар ұсынды.

17-тармақ.

Өткізілген мониторингке сәйкес, Орталықтың барлық қызметкерлері 2019 жылдың қаңтар айындағы жағдай бойынша сотталғандықтың болуы/болмауы туралы анықтамаларды тапсырды. Орталық қызметкерлерінің ешбірінде сотталғандық жоқ.

18-тармақ.

2019 жылы мүдделер қақтығысы болған жоқ.

19-тармақ.

2019 жылы ҚР еңбек заңнамасын қатаң сақтау бөлігінде Спорт және дене шынықтыру істері комитеті семинарлар өткізбеген.

20-тармақ.

2019 жылы мүдделер қақтығысы болған жоқ.

21-тармақ.

2019 жылы орталыққа заңды және жеке тұлғалардан 45 өтініш келіп түсті. Олар "жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Заңға сәйкес қаралды.

22-тармақ.

Орталық веб-сайтында контенттің орналастырылуы үшін жауапты қызметкер, ресми интернет-ресурс контентінің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңы, «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашадағы № 401-V ҚРЗ Заңы және «Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарын ақпараттық толықтыру қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 116 бұйрығы талаптарына сәйкестікке тұрақты негізде мониторинг жүргізіп тұрады.

23-тармақ.

Әр айдың 5-іне дейін Орталық Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігіне мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру саласындағы бұзушылықтар бойынша камералды бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органнан келіп түскен хабарламалар туралы ақпаратты жолдап тұрады. Ағымдағы 2019 жылғы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру саласындағы бұзушылықтар бойынша камералды бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органнан хабарламалар болған жоқ.

24-тармақ.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің 2019 жылғы 17 маусымдағы №14-11/6-АРТА-2019 хатына сәйкес орталық мамандары 2019 жылғы 11 шілдеде "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру" тақырыбында семинар-кеңес жұмысына қатысты, Орталықтың қызметкерлері семинар-кеңеске қатысандығы туралы сертификат алды.

25-тармақ.

Қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2020 жылға арналған іс-шаралар жоспары әзірленуде.

Директор



М. Қасқырбаев